



201 \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_\_\_ г.

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 11-21/635 от: 18.03.2017

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

*2017 жылғы 23 ақпандағы № ДЗ-54*

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) көктемгі аңшылыққа тыйым салған 2016 жылғы 24 қарашадағы № 265 бұйрықты қабылдауының заңдылығына қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға шектеулер мен тыйым салуды енгізу туралы шешімдер жануарлар дүниесі объектілерінің жай-күйінің сандық және сапалық өзгерістерін бақылау мақсатында олардың санының жыл сайынғы есебін алу нәтижелері бойынша қабылданады.

Комитет уәкілетті органның ведомствосы ретінде белгіленген құзіретіне сәйкес жануарлар дүниесі объектілерін сақтау мақсатында мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен биологиялық негіздеме бойынша жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға шектеулер қою және тыйым салулар енгізу туралы шешімдер қабылдауға және оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеуге құқылы.

Осыған байланысты уәкілетті орган Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясымен (бұдан әрі – ҚБСА), Білім және ғылым министрлігінің Зоология институтымен (бұдан әрі – Зоология институты) бірлесіп, өткен жылдардың жануарлар санын есепке алу деректері негізінде жыл құстарына республикада көктемгі аңшылыққа тыйым салуды енгізу және бір құс түрін алудың тәуліктік нормасына шек қою мәселесін пысықтаған болатын.

ҚБСА және Зоология институты талқылау нәтижелері бойынша көктемгі аңшылыққа тыйым салуды енгізу және бір құс түрін алудың тәуліктік нормасына шек қою бойынша биологиялық негіздеме дайындап, Энергетика министрлігінен мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алды.

Комитет 2016 жылғы 25 қазанда көктемгі аңшылыққа тыйым салу және, кәсіпшілік аңшылықты қоспағанда, құстар мен терісі бағалы аңдардың әр түріне тәуліктік алып қою мөлшеріне бір аңшыға бес даракқа дейін шектеу қойылуын талқылау мақсатында бейне-конференция байланысы режимінде мәжіліс өткізіп, онда аталған мәселелер онлайн режимінде талқыланды. Мәжіліс жұмысына қоғамдық мекемелердің, аңшылық шаруашылығы субъектілерінің, ғылыми ұйымдардың және

құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты. Республика облыстарында 2016 жылы 27 қазаннан бастап 3 қарашаға дейін табиғат пайдаланушылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен дөңгелек үстелдер өтті.

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты аңшылық ісін пайдаланушылар мен аңшыларға жыл құстарының жай-күйін және көктемдік аңшылыққа тыйым салуды енгізу қажеттілігі мен, кәсіпшілік аңшылықтан басқа, суда жүзетін құстардың бір түрін алудың тәуліктік нормасына шектеу қойылуын жан-жақты түсіндіру болды.

Жабайы қанатты жыл құстарының ұя салу және көбею кезеңінде (көктем мезгілі) олардың түрлерін сақтау мақсатында биологиялық негіздеме мен мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы негізінде Комитет 2016 жылғы 24 қарашада *«Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 шілдедегі № 190 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 265 бұйрығын қабылдады (бұдан әрі – Бұйрық), онда 2017 жылғы 16 ақпаннан бастап 14 маусымға дейінгі кезеңде аңшылыққа тыйым салу, сондай-ақ құстар мен терісі бағалы аңдардың бір түрін алып қоюдың тәуліктік нормасын бір аңшыға 5 (бес) даракқа дейін шектеу белгіленген.*

Аталған бұйрық мемлекеттік тіркеуге ұсынылып, тиісті заң сараптамасынан өткеннен кейін 2016 жылғы 21 желтоқсанда № 14548 болып тіркелді.

Осы Бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген Аң аулау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) қайшы келуі мәселесіне келетін болсақ, осы Қағидалардың 11-қосымшасында аң аулауды өткізу мерзімдері ғана көрсетілген.

Алайда *«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 62) тармақшасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 378) тармақшасына сәйкес Комитетке жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу қою және тыйым салуды енгізу туралы шешім қабылдау құзыреті берілген.*

Осы айтылғандардың негізінде Комитет осы Бұйрықты заңнамада көзделген өзінің құзыреті шегінде қабылдады және ол жоғарыда көрсетілген Қағидаларға қайшы келмейді.

**А. Мырзахметов**

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан**

*На № ДЗ-54 от 23 февраля 2017 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно законности принятия приказа от 24 ноября 2016 года № 265 Комитетом лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – Комитет) предусматривающий запрета весенней охоты, сообщая следующее.

Решение о введении ограничений и запретов на пользование объектами животного мира принимаются по результатам ежегодного учета численности животных, проводимых пользователями животным миром в целях контроля за количественными и качественными изменениями состояния объектов животного мира.

Комитет, как ведомство уполномоченного органа, в целях сохранения объектов животного мира в соответствии с установленной компетенцией вправе принимать решения о введении ограничений и запретов на пользование объектами животного мира и устанавливать места и сроки их пользования согласно биологическому обоснованию, прошедшему государственную экологическую экспертизу.

В этой связи, уполномоченным органом совместно с Казахстанской ассоциацией сохранения биологического разнообразия (далее - АСБК) и Институтом зоологии Министерства образования и науки (далее – Институт зоологии) на основании учетных данных численности животных предыдущих лет проработан вопрос введения запрета весенней охоты в республике на пернатую дичь и по ограничению суточной нормы изъятия одного вида дичи.

По результатам обсуждения АСБК и Институтом зоологии подготовлено биологическое обоснование по введению запрета на весеннюю охоту на пернатую дичь и по ограничению суточной нормы изъятия одного вида дичи, которое получило положительное заключение государственной экологической экспертизы Министерства энергетики.

А также, по ограничению суточной нормы изъятия одного вида пернатой и пушной дичи на одного охотника до пяти особей, кроме промысловой охоты, обсуждался 25 октября 2016 года Министерством сельского хозяйства в режиме видеоконференцсвязи, в котором также был обсужден вопрос запрета весенней охоты. В работе совещания участвовали представители общественных организации, субъектов охотничьих хозяйств, научных организаций и правоохранительных органов. В период с 27 октября по 3 ноября 2016 года в

областях республики проведены круглые столы с участием природопользователей и средств массовой информации.

Основной целью круглого стола было разъяснение среди охотпользователей и охотников о состоянии пернатой дичи и необходимости введения запрета на весеннюю охоту и ограничению суточной нормы изъятия одного вида водоплавающей дичи на одного охотника до пяти особей, кроме промысловой охоты.

В целях сохранения перелетной пернатой дичи в период их гнездования и размножения (в весенний период), на основании биологического обоснования и положительной государственной экологической экспертизы Комитетом принят приказ от 24 ноября 2016 года № 265 *«О внесении изменений и дополнений в приказ исполняющего обязанности Председателя Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 июля 2015 года № 190 «О введении ограничений и запретов на пользование объектами животного мира, их частей и дериватов, установлении мест и сроков их пользования»*, где вводится запрет на охоту в период с 16 февраля по 14 июня, а также установлено ограничение суточной нормы изъятия одного вида пернатой и пушной дичи на одного охотника до 5 (пяти) особей.

Указанный приказ направлен на государственную регистрацию и после проведения соответствующей правовой экспертизы зарегистрирован 21 декабря 2016 года за № 14548.

По вопросу противоречия данного приказа с Правилами охоты утвержденных приказом Министерства сельского хозяйства от 27 февраля 2015 года (далее – Правила) необходимо отметить, что в приложении 11 данных Правил установлены только сроки охоты на животных.

Вместе с тем, согласно подпункту 62) пункта 1 статьи 9 Закона Республики Казахстан «Об охране, воспроизводстве и использования животного мира» и подпунктом 378) пункта 17 Положения Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 апреля 2005 года № 310, Комитету даны полномочия по принятию решения о введении ограничений и запретов на пользование объектами животного мира, их частей и дериватов.

На основании изложенного, Комитет в рамках предусмотренных законодательством полномочия принял данный приказ и он не противоречит с выше указанными Правилами.

**А. Мырзахметов**